

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

- Республика соттары шығарған сот актілерін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Интернет-ресурсы арқылы деректер қорына қолжетімділікті ұйымдастыру;
- мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасауда қағазсыз технологияға көшу сияқты міндеттер шешілуде.

Қолда бар техникалық мүмкіндіктердің негізінде бейнеконференц байланысты пайдалану арқылы облыстық және оған теңестірілген соттар төрағаларының қатысуымен кеңейтілген жалпы отырыстарды өткізу іске асырылуда[7].

Осылайша, бүгінгі күні электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін енгізіп, сот ісін жүргізуде қазіргі заманғы бағдарламалық өнімдерді пайдалана отырып, ақпараттық технологиялар арқылы Қазақстан халқына ақпараттық көрсетілетін қызметтердің көп санын көрсете отырып, Республика сот жүйесінің тиімділігін, қолжетімділігі мен транспаренттілігін одан әрі арттыру үшін қажетті жағдайлар жасалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан Республикасы судьяларының VI съезінде сөйлеген сөзі 20.11.2013
2. К.Мами С первых дней независимости судебная ветвь власти – предмет пристального внимания Главы Государства// Каз.правда № 118, 18 июня 2014 г.
3. Мами К.А. Краткий обзор основных этапов развития судебной системы Республики Казахстан.// Журнал «Судья» № 11, 2014.
4. Кыдырбаева А.К. «Предложения по модернизации судейского образования». Круглый стол «Международные стандарты и опыт отбора кандидатов в судьи». г.Астана, 23 мая 2014 г.
5. Михайловская И.Б. Суды и судьи: независимость и управляемость. Монография. М: Проспект, 2010.– С. 96.
6. Жалмуханбетов К. Настоящий суд - независимый суд. // Казахстанская правда. 2011, 22 сентября.
7. Ахпанов А.Н. Конституционные основы независимости в Республике Казахстан // Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасы Конституциясы – қалыптасқан мемлекеттің басты заңы» атты Халықаралық ғыл.-тәжіриб. конф. жинағы. 2015.Том 1. – 491б.

ЖЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК АЛЫП ҚОЮДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бейсенов Мұхтар Серікұлы

non-progredi-est-regredi@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қалтаева А.Т.

Жерді алып қою — жер учаскелерін меншік иесінен немесе жерді пайдаланушылардан жергілікті атқарушы органдардың сот шешімі арқылы заң жүзінде мемлекет меншігіне кері қайтаруы болып табылады. [1]

Ал Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымда қабылданған Жер кодексінде бұл ұғымға келесідей анықтама берілген: « алып қою - мемлекеттік органдардың жеке меншік иесінің немесе жер пайдаланушының жер учаскесіне меншік құқығын немесе жер пайдалану құқығын осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен және жағдайларда тоқтатуға бағытталған іс-әрекеті».

Енді бұл ұғымның тарихына тоқталып өтсек, Қазақстанда жерді мемлекеттік мұқтаж үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару институты Кеңестік Одақ кезеңінде халық шаруашылығы

салалары арасында жерлерді қайта бөлу тәсілі ретінде қалыптаса бастады. Жер учаскесін алып қоюға байланысты нақты ережелер 1922 жылдың 22 мамырында қабылданған «Еңбекпен жер пайдалану туралы» заңда қарастырылады [2]. 1990 жылдың 16 қарашасында қабылданған ҚазССР-нің жер кодексінде мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждықтар үшін жер учаскесін алып қою институты бөлек тарау ретінде қарастырылған болатын. Онда жер учаскелерін алып қою тек мемлекетке қажет болған жағдайда ғана жүзеге асырылатындығы көрсетілген. Бірақ, екі жыл бойы пайдаланылмаған жер учаскесі мен заңдарды бұза отырып, пайдаланылған жерлерді пайдалану құқығы да мемлекеттік органдар тарапынан тиісті жер учаскесін алып қою арқылы тоқтатылып отырды. Сонымен қатар жер пайдалану құқығы белгіленген шекті нормалардан артық жер учаскелерін алып қою арқылы да тоқтатылады. Мысалы, колхозшылардың үй іргелік жерлері колхоздың жарғысында көрсетілген шектен аспауы тиіс болды, ал ауылдық жерлерде тұратын қызметшілер мен жұмысшылардың үй іргелік жерлері 0,15 га, жеке тұрған үй құрылысы үшін 600 шаршы метрден аспау қажеттігі белгіленді. Егер жер пайдаланушылардың жерлері белгіленген шектен асып кететін болса, мемлекет тарапынан алынып қойылады [3].

Қазіргі кезде меншік иелері мен жерді пайдаланушылардан Жерді алып қою тәртібі Қазақстан Республикасының Жер кодексінің “Жер учаскесіне меншік құқығын, жер пайдалану құқығын және өзге де құқықтарды тоқтату” туралы 9-тарауында көрсетілген.[4]

Мемлекет жер учаскесін жер кодексінің 84-бабының 2-тармағында көрсетілген мынадай мұқтаждар үшін алып қою мүмкін:

1) Қазақстан Республикасы ратификациялаған шарттардан туындайтын халықаралық міндеттемелер;

2) қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттар үшін жер беру және арнайы экономикалық аймақтардың құрылуы мен олардың жұмыс істеуі;

3) пайдалы қазба кен орындарының табылуы және оларды қазу;

4) автомобиль және темір жолдардың құрылысы (реконструкциясы), әуежайлар, әуеайлақтар, аэронавигация объектілері және авиатехникалық орталықтар, теміржол көлігі объектілері, көпірлер, метрополитендер, тоннельдер, энергетика жүйесі мен электр тарату желілері, байланыс желілері объектілері, ғарыш қызметін қамтамасыз ететін объектілер, магистральдық құбырлар, инженерлік-коммуникациялық желілер, концессиялық жобаларды іске асыру, елді мекендердің ортақ пайдалануындағы объектілердің құрылысы (реконструкциясы);

5) елді мекендердің бас жоспарларын осы бапта белгіленген ерекше жағдайлардың тізбесіне жатқызылатын объектілерді салу бөлігінде орындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген объектілерді бюджет қаражаты есебінен салу.[2]

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы және тоқтатылуы процесі туралы сөз қойғайтын болсақ, ол «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурызда қабылданған заңының «Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару» атты 6-тарауымен реттеледі.

«Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР заңының 63-бабына сәйкес жер учаскесін алып қою Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабында көзделген ерекше жағдайларда, жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасының Жер кодексінде көзделген құзыретіне сәйкес жергілікті атқарушы органның қаулысының қабылдануымен басталады. Ол қаулыда келесідей мәліметтер:

- 1) мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың мақсаты мен негіздері;
- 2) жер учаскесінің орналасқан жері, алаңы, кадастрлық нөмірі;

3) мүліктің меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы;

4) мәжбүрлеп иеліктен шығару күні көрсетіледі, бірақ ол бұл қаулының ресми жариялану күнінен үш айдан ерте болмауға тиіс;

5) келісім рәсімдерін жүзеге асыру асыру үшін меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының жүгінетін орны көрсетіледі.

Атқарушы орган немесе жоғары тұрған органның тапсырмасы бойынша төменгі тұрған орган қаулы жарияланғаннан кейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмей, меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарламаны оған жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті сатып алу туралы шарттың жобасын қоса тіркеп, пошта жөнелтілімін алғаны туралы хабарламаны міндетті түрде алатындай етіп, пошта арқылы жібереді.

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару көрсетілген қаулыда белгіленген мерзімдер өткеннен кейін меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының келісімімен не сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.[5]

Жер учаскесін алып қою кезінде меншік иесі мен мемлекеттік емес жер пайдаланушылардың құқықтары туралы ерекше айтып кеткен жөн. Бұл процесте олар келесі құқықтарға ие болады: меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімінің басталуы туралы хабарлама алған күннен бастап жер учаскесіне мемлекеттік меншік құқығы мемлекеттік тіркелгенге немесе жер пайдалану құқығы тоқтатылғанға дейін жер учаскесіне және өзге де жылжымайтын мүлікке өзіне тиесілі құқықты жүзеге асыруға, осы мүлікті оның нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануды қамтамасыз ететін қажетті шығындарды жасауға құқылы.

Өзекті мәселелердің бірі ретінде тағы бір жағдаят жайлы айтуға болады. Ол жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесінің және өзге де жылжымайтын мүліктің құнын өтеу болып табылады. Бұл процесс «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР заңымен реттеледі. Яғни, меншік иесінің мемлекеттен сатып алған, мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер учаскесінің құны мемлекетке төленген сома мөлшерінде айқындалады. Ал жеке тұрғын үй құрылысына, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін (егістік телімдерінен басқа) берілген, жеке тұрғын үй тұрған, мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер учаскесінің құны жер учаскесінің құны мөлшерінде және онда тұрған жылжымайтын мүліктің нарықтық құнынан аспайтын мөлшерде айқындалады.

Меншік иесіне азаматтық-құқықтық мәміле бойынша немесе сот шешімі бойынша өткен, мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер учаскесінің құны азаматтық-құқықтық шартта немесе сот шешімінде көрсетілген, бірақ нарықтық құнынан аспайтын мөлшерде айқындалады. Егер азаматтық-құқықтық шартта жер учаскесінің бағасы көрсетілмеген жағдайда, жер учаскесінің құны оның кадастрлық (бағалау) құны бойынша айқындалады.

Және де жер учаскесінің меншік иесімен немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушымен келісім бойынша оған мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару кезінде алып қойылатын жер учаскесінің орнына берілетін жер учаскесінің құнын немесе оған құқықтарды иеліктен шығарылатын жер учаскесінің құнына немесе оған құқықтарды кадастрлық (бағалау) құны бойынша есепке жатқыза отырып, басқа жер учаскесі берілуі мүмкін.

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің құнын және өтелуге жататын залалдарды өтеу аталған мүлікке меншік құқығы Қазақстан Республикасына немесе әкімшілік-аумақтық бөлініске өткен кезге дейін толық көлемде жүргізілуі тиіс. Өтемді төлеу бюджет қаражатынан және міндетті түрде теңгемен жүзеге асырылады.

Қолданылған әдебиет:

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B5%D1%80%D0%B4%D1%96_%D0%B0%D0%B%D1%8B%D0%BF_%D2%9B%D0%BE%D1%8E.
2. 22 мамыр 1992 жылы қабылданған «Еңбекпен жер пайдалану туралы» Заңы // СУ РСФСР. – 1925. – № 27. – 188 бап.
3. Қазақ КСР Жер кодексі. – Алма-Ата, 1991. – 56 б.
4. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымда қабылданған Жер кодексі. 9-тарау.
5. Мемлекеттік мүлік туралы азақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заңы. 6-тарау.

УДК 343,343

АЛАЯҚТЫҚПЕН КҮРЕСУДІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Бейсенов Мұхтар Серікұлы

non-progredi-est-regredi@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан ҚҚ-33 тобы студенті

Ғылыми жетекші: Ашимова Э.А.

Алаяқтықпен күрестің отандық және шетелдік тәжірибесін зерттеу алаяқтыққа әлеуметтік әсер етудің барлық нысандарын тұжырымдамалық қамтамасыз етудің мәні дәстүрлі түрде бағаланбай келе жатқандығын көрсетеді. Ғылым көп жағдайларда криминалдық шындықтың «артында қалып қояды» және экономиканың қандай да бір секторларында алаяқтық оқиғаларының пайда болуын тұрақтандыруға, сонымен қатар мемлекеттік биліктің органдарымен тосыннан қабылданатын қылмысқа қарсы әсер ету шараларын ақтап алуға немесе оларға қарсы келуге мәжбүр болуда. Бұл ретте байқалып отырған өзге де үрдістер бар: ғалымдардың өз уақытында жасаған ескертулерін, тіпті тұжырымдамалық мағынада құжаттар түрінде рәсімделген ескертулерін көп жағдайларда тәжірибе елемейді. Бұның себебі жаңадан пайда болатын криминалдық қауіптерге алдын ала әсер ететін құралдардың жоқтығында ғана емес, сонымен бірге ғылыми зерттеулердің нәтижелерін құқық қолданушы тәжірибеге енгізуді міндеттейтін құқықтық механизмнің жоқтығында.

Алаяқтықпен күрес тұжырымдамасының мәселесі келесідей аспектілерді қамтиды:

- Аталған тұжырымдаманы бекіту және жүзеге асыру нысандары;
- Алаяқтыққа барынша осал құқықтық реттеу салалары;
- Мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының салғырттығы салдарынан болуы мүмкін алаяқтықтың салдарынан халықты қорғаудың құқықтық механизмдері;
- Алаяқтықпен күрестің түрлі шараларының арасындағы өзара қатынас;
- Алаяқтықпен күрестің түпкілікті мақсаттары;
- Алаяқтықпен күресті арнайы жоспарлаудың қолданылуының қажет екендігін көрсететін, алаяқтықтың аса қауіптілігінің критерийлері;
- Алаяқтықтың негізгі факторлық кешені [1].

Алаяқтықпен күрестің қазіргі заманғы мәселелері төмендегілерді қамтиды: